

Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ ның жетекшілік ету 2024-2027 жылдарға арналған Жол картасы бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп.

Жол картасы бағдарламасына сәйкес Петровка ауылының ЖОББМ КММ Астрахан ауданының үш мектебіне жетекшілік етеді. Корпус В «Жамбыл ауылының ЖОББМ» КММ және «Өрнек ауылының БМ» КММ, ал С корпусына «Шілікті ауылының НМ» КММ кіреді.

Тақырыбы: "Заманауи мектеп жаңа талаптарға ұмтылады"

Мақсаты: педагогикалық процеске қатысушылардың мектепте білім беру деңгейіне жаздайлар жасау"

<http://sc0014.astrahanka.aqmoedu.kz/content/1569-20-05-24-18-16-08-plan-razvitiya-shkoly>

Астрахан ауданының даму жол картасының жоспарына сәйкес

2025 жылғы 23 қазан күні «Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ базасында «Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ үшін «Ашық есік күні» өткізілді.

Іс-шараға 3–4 сынып оқушылары қатысты. Ашық есік күні аясында оқушыларға арналған оқу-танымдық жұмыстар ұйымдастырылып, математикалық есептер шығару, логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар орындалды.

Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Өткізілген ашық есік күні өз мақсатына жетіп, оқушылардың оқу үдерісімен танысуына және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

«Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ бастауыш сынып мұғғалімі жас маман Мерген Сайрангүл. «Жол картасы» аясында 4-сыныпқа әдебиеттік оқу пәнінен «Бақыт деген не?» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау. Оқиғаның маңызды тұстарын талдау.

<https://www.instagram.com/p/DQL6InPDeYI/?igsh=MTJneXZ4cDFiYmwzMg>

2025 жылғы 4 қараша күні Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде «Жас педагог: кәсіби дамудың заманауи форматы» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.

Аталған семинар жас мамандардың кәсіби дамуын қолдау, педагогикалық тәжірибе алмасу және білім берудің заманауи форматтарын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Семинар жұмысына:

- білім бөлімінің басшысы П.Ю. Барахоева,
- «Jas pedagog» Ассоциациясының мүшелері,
- ауданның жас педагогтары қатысты.

Іс-шара барысында қатысушылар заманауи білім беру үрдістерін талқылап, жасанды интеллектті сабақ үдерісінде қолдану, оқу сауаттылығын дамыту, ұлттық құндылықтарды оқушы бойына сіңірудің тиімді тәсілдері бойынша тәжірибе алмасты. Сонымен қатар, семинар аясында практикалық workshop және кейс-сессиялар ұйымдастырылып, қатысушылар белсенділік танытты.

Семинардың қорытынды бөлімінде жас педагогтарға сертификаттар табысталып, алдағы уақытта жұмысты жетілдіруге бағытталған ұсыныстар қабылданды. Маңызды іс-шаралардың бірі ретінде «Жас педагог» Ассоциациясына қабылдау рәсімі өткізіліп, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Өткізілген аудандық семинар жас педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық қоғамдастықты нығайтуға және білім беру сапасын жетілдіруге ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DREvgbLj6XI/?igsh=MXgxcGd2a3Rrd294Yw%3D%3D>

2025 жылғы желтоқсан айында «Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ базасында «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің информатика пәні мұғалімі Оспанов Дулаттың қатысуымен коллаборациялық сабақ өткізілді.

Коллаборациялық сабақтың тақырыбы – «Робототехника».

Сабақ барысында білім алушылар робототехника негіздерімен танысып, практикалық тапсырмалар орындады. Оқушылар робот құрастыру, бағдарламалау элементтерін қолдану арқылы өздерінің логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін және командалық жұмыс дағдыларын дамытты.

Сабақ интерактивті форматта ұйымдастырылып, заманауи цифрлық ресурстар мен робототехникалық жабдықтар тиімді қолданылды. Іс-шараға қатысушылар жоғары белсенділік танытып, коллаборациялық сабақ өз мақсатына толық жетті.

Өткізілген сабақ педагогтар арасындағы тәжірибе алмасуға және білім алушылардың техникалық бағыттағы қызығушылығын арттыруға оң ықпал етті.

<https://www.instagram.com/reel/DScehJPjIgx/?igsh=MWZvc2U5MnJraHZ0cA==>

2025 жылғы 24 желтоқсан күні «Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ базасында «Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ үшін «Ашық есік күні» өткізілді.

Іс-шараға 3–4 сынып оқушылары қатысты. Ашық есік күні аясында оқушыларға арналған оқу-танымдық жұмыстар ұйымдастырылып, математикалық есептер шығару, логикалық ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар орындалды.

Іс-шара барысында оқушылар белсенділік танытып, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Өткізілген ашық есік күні өз мақсатына жетіп, оқушылардың оқу үдерісімен танысуына және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті.

<https://www.instagram.com/p/DSpIykuDBr2/?igsh=MWtkdjlibHRjMWV1eQ==>

Вебинардың өткізілуі туралы мәтіндік есеп

2025 жылы «Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ базасында онлайн форматта «Заманауи педагог – сапалы білім кепілі» тақырыбында вебинар өткізілді. Іс-шараны Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі ұйымдастырды.

Вебинардың негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, заманауи талаптарға сай оқыту әдіс-тәсілдерімен таныстыру, сапалы

білім берудегі мұғалімнің ролін айқындау және мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсету болды.

Вебинарға «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ, «Жамбыл ауылының ЖОББМ» КММ және «Өрнек ауылының БМ» КММ педагогтері қатысты.

Іс-шара директордың ОІЖ орынбасары Ахатова Б.К.-ның алғы сөзімен ашылды. Ол вебинардың өзектілігіне тоқталып, қатысушыларға сәтті жұмыс тіледі. Вебинар барысында педагогтер әртүрлі бағыттағы өзекті тақырыптар бойынша баяндама жасады. Атап айтқанда, қазіргі білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістер, математиканың күнделікті өмірдегі қолданысы, оқу процесінде заманауи цифрлық ресурстарды пайдалану, жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудағы кітапхананың ролі, сондай-ақ дене шынықтыру сабағының тәрбиелік маңызы кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар «Даналық мектебі – болашаққа бағдар» тақырыбында мазмұнды баяндама ұсынылды.

Вебинар барысында қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, қойылған сұрақтарға нақты жауаптар алды. Талқылаулар барысында педагогтердің кәсіби қызығушылығы жоғары екені байқалды.

Іс-шара соңында директордың ОІЖ орынбасары Ахатова Б.К. қорытынды сөз сөйлеп, барлық спикерлер мен қатысушыларға белсенді қатысқандары үшін алғыс білдірді. Вебинар өз мақсатына жетіп, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және заманауи білім беру үдерісіне оң ықпал етті.

<https://www.instagram.com/p/DSp2D6djC3L/?igsh=MTJ3ZGFpbDFqaTdsaw>

==

«Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-де қараша айында өткен «Тарих апталығы» аясында кусттық деңгейде құқық пәні бойынша сыныптан тыс іс-шара – дебат турнирі ұйымдастырылды.

Турнирге көршілес мектептердің оқушылары қатысып, өз білімдері мен шешендік қабілеттерін көрсетті. Қатысушылар құқықтық тақырыптар бойынша өз ойларын дәлелдеп, пікірталас мәдениетін сақтай отырып белсенді талқылау жүргізді.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сыни ойлау және көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамыту. Турнир жоғары деңгейде өтіп, қатысушылар үшін тәжірибе алмасуға және білімдерін жетілдіруге жақсы мүмкіндік болды.

<https://www.instagram.com/reel/DTzuurcjHXC/?igsh=cWtqMmM3Mm9oMW9t>

2026 жылдың ақпан айында «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ мен «Жамбыл ауылының ЖОББМ» КММ арасында ынтымақтастық аясында коллаборациялық сабақ ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың техникалық шығармашылығын дамыту, робототехника саласына қызығушылығын арттыру және екі мектеп арасындағы тәжірибе алмасуды нығайту болды.

Сабақ барысында оқушылар робототехника негіздерімен танысып, роботтарды құрастыру және бағдарламалау бойынша практикалық тапсырмалар орындады. Қатысушылар топпен жұмыс жасап, роботтардың қозғалысын басқару, сенсорлармен жұмыс істеу сияқты негізгі дағдыларды меңгерді. Сонымен қатар, оқушылар өз жобаларын таныстырып, бір-бірімен тәжірибе алмасты.

Коллаборациялық сабақ оқушылардың логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етті. Іс-шара достық атмосферада өтіп, қатысушыларға жаңа білім мен тәжірибе алуға мүмкіндік берді. Мұндай бірлескен сабақтар мектептер арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, оқушылардың заманауи технологияларға деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

<https://www.instagram.com/reel/DUuytLkjHNI/?igsh=MTRhOHZnYmRoaThlMA==>

«Полиглот апталығы» аясында жоспарланған авторлық жоба бойынша сыныптан тыс іс-шара апталық бағдарламасына енгізілді. Ұйымдастыру жағдайларына байланысты іс-шара жоспарланған мерзімнен кейін өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту, көптілділікке қызығушылығын арттыру, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру.

Іс-шара барысында 3-сынып оқушылары Ищанова Аяулым мен Ищанова Акерке «Орыс тілі» секциясы бойынша «Волшебные пары» тақырыбында өз жұмыстарын «Өрнек ауылының БМ» КММнде ұсынып, белсенді қатысу көрсетті. Жоба аясында оқушылар сөздердің мағыналық және грамматикалық байланыстарын зерттеп, тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар орындады.

Өткізілген жұмыс оқушылардың орыс тілі пәніне қызығушылығын арттыруға, сөздік қорын кеңейтуге және алған білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берді. Қатысушылар шығармашылық белсенділік танытып, қойылған міндеттерді орындады.

Осылайша, «Полиглот апталығы» аясында жоспарланған іс-шара кейінгі мерзімде өткізілгенімен, өз мақсатына жетіп, нәтижелі түрде ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/DXgvNJDYm3/?igsh=MXM3bzIwOTZranRhbQ==>

«МИФ апталығы» аясында жоспарланған математика пәнінен сыныптан тыс сайыс ұйымдастыру себептеріне байланысты жоспарланған уақыттан кейін өткізілді.

Іс-шара барысында «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-нің математика пәні мұғалімі Нурдуллаев Ерлан Габибуллаевич «Ұлттық ойын – заманауи математиканың кілті» тақырыбындағы авторлық жұмысын «Өрнек ауылының БМ» КММ-нің 3–4 сынып оқушыларына таныстырды.

Іс-шараның мақсаты – оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту және ұлттық ойындарды оқу үдерісінде қолдану арқылы білім алуға деген ынтасын күшейту болды.

Сайыс барысында оқушылар ұлттық ойын элементтері арқылы математикалық ұғымдарды тереңірек меңгеріп, практикалық тапсырмаларды белсенді орындады. Ойын технологиялары білім алушылардың есептеу дағдыларын жетілдіріп, жылдам ойлау мен топтық жұмыс мәдениетін дамытуға ықпал етті.

Жоспарланған мерзімнен кейін өткізілгеніне қарамастан, «МИФ апталығы» аясындағы бұл сыныптан тыс іс-шара өз мақсатына жетіп, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге оң әсерін тигізді.

https://www.instagram.com/reel/DXg828pDdgs/?igsh=MXFyYmY2ajc1ZzVs_bA==

«Петровка ауылының ЖОББМ» КММ-де 10 сәуір күні мектептің 50 жылдық мерейтойы аясында Смағұлов Ардақ Сағадатовичтің құрметіне арналған әскери-спорттық жарыс және саптық ән байқауы өткізілді. Іс-шара АӘТД пәні бойынша 8–10 сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін нығайту, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, саптық даярлық дағдыларын қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау болды.

Жарысқа жалпы 4 команда қатысып, өздерінің саптық дайындығын, ұйымшылдығын және әскери тәртіпке бейімділігін көрсетті. Қатысушылар саптық жүріс, саптық ән орындау және әскери-спорттық кезеңдер бойынша сынға түсті. Оқушылар жоғары дайындық деңгейін, жауапкершілік пен командалық бірлікті танытты.

Іс-шараның құрметті қонақтары қатарында Самұловтар әулетінің өкілдері, Николаев ауылдық округінің әкімі Е. Лысенко, білім бөлімінің әдіскері А. Абильдин және мектеп түлегі М. Ильдебаев қатысты. Қонақтар жарысқа қатысушыларға қолдау білдіріп, әскери-патриоттық тәрбиенің маңыздылығына тоқталды.

Өткізілген әскери-спорттық жарыс пен саптық ән байқауы оқушылардың патриоттық рухын көтеріп, тарихи тұлғаларға деген құрметін арттыруға және әскери дайындыққа қызығушылығын дамытуға ықпал етті. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті.

https://www.instagram.com/reel/DW_E5Lyjll3/?igsh=YXloZ2l0dXZlNjFn

«Жол картасы 2024–2027» жобасы аясында 08.04.2026 жылы Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөліміне қарасты Петровка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

базасында «Өрнек ауылының бастауыш мектебі» КММ ұжымы үшін «Ашық есік күні» өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тәжірибе алмасу, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және білім беру үдерісіндегі тиімді әдіс-тәсілдерді насихаттау болды.

Аталған іс-шара барысында 3-сынып оқушыларымен сынып жетекшісі М. Сайрангул жаратылыстану пәнінен «Көлеңке қалай пайда болады?» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында оқушылар тәжірибелік жұмыстар жасап, жарық пен көлеңкенің пайда болу себептерін зерттеп, өз ойларын еркін жеткізді. Түрлі әдіс-тәсілдер тиімді қолданылып, сабақ мазмұнды әрі қызықты өтті.

Оқушылар сабаққа белсенді қатысып, сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін көрсете білді. Ашық сабақ жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар тарапынан оң бағасын алды.

Іс-шара соңында М. Сайрангул кәсіби шеберлігі мен белсенділігі үшін арнайы сертификатпен марапатталды

<https://www.instagram.com/p/DW7-XtLirWK/?igsh=bXRpZDI4bzRsejVj>

Ақпан айында жас педагогтер онкүндігі аясында «Петровка ауылының ЖОББМ» КММ базасында Өндіріс, Өрнек, Жамбыл, Каменка ауылдарының мектептері мен №1 АСШ жас мұғалімдеріне арналған аймақтық (кустовой) тимбилдинг өткізілді. Іс-шара «Жасаймын. Үйренемін. Шабыттандырамын» тақырыбымен ұйымдастырылды.

Тимбилдингтің негізгі мақсаты – жас педагогтердің кәсіби қарым-қатынасын нығайту, ұжымдық жұмысты дамыту, тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру және шығармашылық әлеуетін қолдау болды.

Бағдарлама қатысушыларды біріктіруге, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға және өзара ынтымақтастықты дамытуға бағытталды. Іс-шара барысында бірнеше тақырыптық алаңдар ұйымдастырылды:

- Тренинг – Сайдаева М.А., Секенова Р.О.
- «Муз лото» – Пшембаева С.С., Сағынбеков А.Ж.
- Арт-терапия – Коох А.А., Секенова Р.О.

